

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2019 жылғы 16 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Төраға Ж.Н.Бәйішев,
баяндамашы судья Г.А. Скрипкина,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,
В.Х. Сейтімова, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,
сот отырысының хатшысы А.Н.Адерейконың қатысуымен,
баяндамашы судьяны тыңдап, іс материалдарын зерттеп,
Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 50, 68,
69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның Кедендік әкелу баждарының
(баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын
есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне
аудару тәртібі туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық
экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) 1-тармағының ережелеріне
түсініктеме беру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік
қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші,
Комиссия) Сотқа Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге
де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу,
оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы
хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ
туралы шартқа № 5 қосымша) (бұдан әрі – Хаттама) 1-тармағының
ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Хаттаманың 1-тармағында осы құжатпен Одақтың
кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты оларды төлеу міндеті
2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап туындаған кедендік әкелу баждарының
сомаларын есепке жатқызу және мүше мемлекеттер арасында бөлу тәртібі
белгіленгендігін көрсетеді.

Хаттаманың II бөлімінің 3-тармағына сәйкес кедендік әкелу
баждарының сомалары кедендік қатынастарды реттейтін халықаралық
шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес, оның ішінде
кедендік әкелу баждарын өндіріп алу кезінде төлеуге жататын, сол мүше

мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына ұлттық валютада есепке жатқызуға жатады.

Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Хаттаманың ережелерін сақтауына жүргізілген тексерудің қорытындылары бойынша Комиссия 2016 жылы Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасында (бұдан әрі – Одаққа қосылған мемлекеттер) 2010 жылғы 1 қыркүйектен кейін, бірақ көрсетілген елдер Одаққа қосылғанға дейін әкелінген тауарларға қатысты кедендік әкелу баждары (өсімпұлдар) Одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттерінің арасында бөлінбегені туралы ақпарат алды.

Бұл ретте Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында (бұдан әрі – құрылтайшы мемлекеттер) 2010 жылғы 1 қыркүйектен кейін және Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы қосылғанға дейін әкелінген тауарларға қатысты көрсетілген елдер қосылғаннан кейін бірыңғай шотқа есептелген кедендік әкелу баждары Одаққа барлық мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлінеді.

Одаққа қосылған мемлекеттердің пікірі бойынша, Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасының кедендік аумағына тауарларды олар Одаққа қосылған күнге дейін әкелу кезінде төлеу бойынша міндеттілік туындаған кедендік әкелу баждарының сомалары төлеу мерзіміне қарамастан Одаққа мүше басқа мемлекеттердің бюджеттерінің арасында бөлінбеуге тиіс, өйткені қарастырылып отырған кезеңде тауарлар Одақтың кедендік аумағына емес, Одаққа қосылған мемлекеттердің кедендік аумағына әкелінді. Тиісінше, төлеу жөніндегі міндеттілік осы елдер Одаққа қосылғанға дейін туындаған кедендік әкелу баждарын 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Одақ туралы шарт) және Хаттаманың терминдерінде қарастыруға болмайды.

Бұл ретте құрылтайшы мемлекеттерде төленген, төлеу жөніндегі міндеттілік 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы Одаққа қосылғанға дейін туындаған кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу мен бөлу ерекшеліктері Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасының Одаққа қосылуы туралы шарттарда, сондай-ақ Хаттамада қамтылмайды.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кедендік әкелу баждарының Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы Одаққа қосылғаннан кейін төленген көрсетілген сомаларын бөлу Одақтың барлық бес мүше мемлекетінің бюджеттерінің арасында жүргізілуге тиіс деп есептейді, өйткені ол бөлу оларды төлеу жөніндегі міндеттілік құрылтайшы мемлекеттердегі олардың төленуіне жауапты тұлғаларда Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы Одаққа қосылғанға дейін туындаған және көрсетілген қосылудан кейін төленген кедендік әкелу баждарының сомаларына қатысты жүргізіледі.

Комиссия 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23

желтоқсанда қол қойылған шартта (бұдан әрі – Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт), сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған шартта (бұдан әрі – Армения Республикасының қосылуы туралы шарт) Одаққа осы мүше мемлекеттердің Хаттаманы қолдануды бастайтын күні (тиісінше 2015 жылғы 1 қазан және 2015 жылғы 1 ақпан) айқындалған деп есептейді. Бұл ретте, өтініш беруші көрсеткендей, қосылу туралы шарттарда Хаттаманың жекелеген ережелерін қолданбау туралы не оның ережелерін алып тастап қолдану туралы жеке ескертулер жоқ.

Баяндалғандарды ескере отырып, Комиссия Соттан Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы Одаққа қосылғаннан кейін шоттарға келіп түскен, оларды төлеу жөніндегі міндеттілік:

Армения Республикасы үшін – 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2015 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде;

Қырғыз Республикасы үшін – 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2015 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде туындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу бөлігінде Хаттаманың 1-тармағының ережелерін қолдану бойынша консультативтік қорытынды беруді сұрайды.

II. Соттағы рәсім

Сот Статутының 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Сот Статутының 73-тармағында Соттың түсініктеме беру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны көзделген.

Соттың өтініш беруші сұрататын консультативтік қорытынды шығаруға қатысты заттық және субъективтік юрисдикциясы Сот Статуты және Сот Регламенті ережелерінің негізінде Соттың Үлкен алқасының Комиссия өтінішін өндіріске қабылдау туралы 2019 жылғы 15 сәуірдегі қаулысында белгіленген.

Сот істі қарауға дайындау шеңберінде Статуттың 55-тармағының тәртібімен Одаққа мүше мемлекеттердің органдарына және ғылыми мекемелерге сұрау салулар жіберді, Комиссиядан сұратылған түсініктеме беруге қатысты қосымша құжаттар мен материалдар сұралды.

Сот сұрау салуларға Армения Республикасының Әділет министрлігінен, Аудиторлық палатасынан; Беларусь Республикасының Әділет министрлігінен, Экономика министрлігінен, Қаржы министрлігінен; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен, Қаржы министрлігінен; Қырғыз Республикасының Әділет министрлігінен, Есеп палатасынан, Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметінен; Ресей Федерациясының Әділет министрлігінен; Ереван мемлекеттік университетінен, Беларусь Республикасының Кеден органдары кадрларының

біліктілігін арттыру және қайта даярлау мемлекеттік институтынан, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академик Д.А.Алшыбаев атындағы экономика институтынан жауаптар алды және оларды зерттеді.

Комиссия қосымша құжаттар мен материалдар берді.

III. Сот қорытындылары

Сот Статутының 46-тармағына сәйкес Сот Одақ органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Сот Статутының 50-тармағына сәйкес сот төрелігін жүзеге асыру кезінде Сот халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын қолданады және Одақтың барлық мүше мемлекеттері қатысушылары болып табылатын 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) ережелерін ескере отырып Одақ құқығының нормаларына түсінік береді.

Осы Конвенцияның 31-бабына сәйкес халықаралық шарт шарттың терминдеріне олардың мән-мәтінінде, сондай-ақ оның мәтінін, преамбуласы мен қосымшаларын ескере отырып, объект тұрғысында және шарттың мақсаттарында мән берілуге тиіс дағдылы мағынасына сәйкес адал түсіндіріледі. Мән-мәтінмен қатар, соның ішінде қатысушылардың арасындағы осы шарттың ережелерін қолдануға қатысты кез келген келесі келісім, оны қолданудың одан арғы практикасы және қатысушылардың арасындағы қатынастарда қолданылатын халықаралық құқықтың тиісті нормалары ескеріледі.

1. Одақ туралы шарттың 26-бабына сәйкес төленген (алынған) кедендік әкелу баждары мүше мемлекеттер бюджеттері арасында есепке жатқызылуға және бөлінуге жатады.

Кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару Хаттамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Хаттамада Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты төлеу жөніндегі міндеттілік 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және мүше мемлекеттердің арасында бөлу механизмі айқындалады.

Соттың Үлкен алқасы тарихи түсіндіру әдісін қолдана отырып 2010 жылғы 1 қыркүйек күнін Одақтың аумағында кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу мен бөлудің басы ретінде айқындау Кеден одағының құқықтық базасының сабақтастығымен, атап айтқанда, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы қол қойған 2010 жылғы 20 мамырдағы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу және бөлу тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімнің

(бұдан әрі – 2010 жылғы 20 мамырдағы келісім) көрсетілген күннен бастап күшіне енуі фактісімен түсіндіріледі деген қорытындыға келді.

2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кедендік аумақ құру және Кеден одағын қалыптастыру туралы шарттың 2-бабын талдау кеден одағын қалыптастыруға бірыңғай кедендік тарифтің белгіленуі, сондай-ақ баламалық күші бар кедендік баждарды, өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды есепке жатқызу және бөлу тәртібінің айқындалуы түрткі болғанын куәландырады. Осы себеп бойынша Одақ туралы шартқа № 6 қосымша болып табылатын Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама күшіне енгенге дейін қолданыста болған 2008 жылғы 25 қаңтардағы Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімнің қабылдануы, Хаттама күшіне енгенге дейін қолданыста болған Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (баламалық күші бар өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) белгілеу және қолдану туралы келісімнің қабылдануы сияқты Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру кезеңдерінің бірі болып табылды.

2010 жылғы 20 мамырдағы келісімде Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты төлеу бойынша міндеттілік туындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының арасында бөлу тәртібі айқындалды.

Кеден одағының нормативтік құқықтық базасын талдау Соттың Үлкен алқасына Кеден одағының қалыптасуына орай Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы өздеріне 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу, сондай-ақ оларды осы мемлекеттер бюджеттерінің арасында бөлу кезінде бірыңғай кедендік-тарифтік реттеуді қолдану бойынша халықаралық-құқықтық міндеттемелер қабылдады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Одақ туралы шарттың Кеден одағының өтпелі ережелерін реттейтін 99-бабында Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктен Еуразиялық экономикалық одаққа дейінгі еуразиялық экономикалық интеграциялық процестің дамуы жағдайындағы құқық жүйесінің сабақтастығы көзделеді.

Хаттамада белгіленген төлеу жөніндегі міндеттілік 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған кедендік әкелу баждарын есепке жатқызуды және бөлуді оның 1-тармағында көрсету Одақты Кеден одағына қатысы бойынша құқықтық реттеудің сабақтастығын қамтамасыз етуге арналады, алайда онда Одаққа 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін қосылған мемлекеттерге қатысты Шарттың 26-бабының ретроактивтік күші туралы жалпы қағида белгіленбейді.

2. Одақ туралы шарттың Кіріспесінен Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Одақтың құрылтайшы мемлекеттері екендігі көрінеді, Шарт оларға қатысты 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

3. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабына

сәйкес Армения Республикасы Одақ туралы шартқа, сондай-ақ Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған тиісті тізбе бойынша Одақ құқығына кіретін басқа да халықаралық шарттарға қосылды және Қосылу туралы шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесіне айналды. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың күшіне енуінің тәртібі Қосылу туралы шарттың 6-бабымен айқындалған. Армения Республикасының қосылуы туралы шарт 2015 жылғы 2 қаңтарда күшіне енді.

Армения Республикасының қосылуы туралы шартқа № 3 қосымшаның 2-тармағына сәйкес Хаттама осы мемлекет үшін Қосылу туралы шарт күшіне енетін айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен, яғни 2015 жылғы 1 ақпаннан бастап қолдануға жатады.

4. Қырғыз Республикасының Одаққа қосылуы шарттары бойынша Тараптардың уағдаластығын айқындайтын акт 2015 жылғы 12 тамызда күшіне енген оның Қосылуы туралы шарт болып табылады.

Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың 8-бабының 2-тармағына сәйкес Хаттама Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін (бұдан әрі – Одақтың бірыңғай кедендік тарифі) қолдануды бастаған айдан кейінгі екінші айдың 1-ші күнінен бастап қолданылады.

Қосылу туралы шарттың 3-бабының 2-абзацында Қырғыз Республикасының Одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолдануының басы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының кедендік бақылануын жою туралы шешім қабылданған күн болып табылады деп айқындалған. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мұндай шешімді 2015 жылғы 8 мамырда 5 нөмірімен қабылдады және ол Қырғыз Республикасының Одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарт күшіне енген күннен бастап, яғни 2015 жылғы 12 тамыздан бастап күшіне енді.

Осылайша, Қырғыз Республикасының Хаттаманы қолдануды бастаған күні 2015 жылғы 1 қазан ретінде айқындалды.

5. Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы Одақ туралы шартқа қосылғаннан кейін Хаттама Одақтың құрылтайшы мемлекеттері мен Армения Республикасының арасындағы қатынастарда 2015 жылғы 1 ақпаннан бастап, ал Қырғыз Республикасының Армения Республикасын қоса алғанда, Одақтың басқа мүше мемлекеттерімен қатынастарында – 2015 жылғы 1 қазаннан бастап Шарттың ажырамас бөлігі ретінде заң тұрғысынан міндетті болды.

Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасының Одаққа қосылуы туралы актілер Хаттаманың осы мемлекеттерге қатысты қолданылуының басталған күнін айқындайды және оларда Хаттаманың тиісті күндерге дейін туындаған қатынастарға қолданылуы көрсетілмеген.

Бұл Соттың Үлкен алқасына Хаттама және онда белгіленген кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу және бөлу тәртібі Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы қатынастарға ғана қолданылды деп есептеуге мүмкіндік береді.

Бұл пікір Вена конвенциясының 34-бабымен үйлеседі, оған сәйкес шарт үшінші мемлекет үшін оның келісімінсіз міндеттемелер немесе құқықтар тудырмайды. Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы Одаққа қосылғанға және олардың Хаттаманы қолдануды бастағанына дейін Одаққа қатысты үшінші мемлекеттер болып табылғанын ескеретін болсақ, Хаттамада оларға тауарларды олардың кедендік аумағы бойынша өткізу кезінде төлеуге жататын кедендік баждарды басқа мүше мемлекеттердің пайдасына бөлу түрінде міндеттемелер жүктелмейді.

6. Одақ туралы шарттың 26-бабын және Хаттаманың 1-тармағын мән-мәтіндік түсіндіру Соттың Үлкен алқасына Одақтың кедендік аумағына өткізілетін тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын төлеу заңды факт болып табылады, онымен кедендік әкелу баждарының сомаларын есептеу және Одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттерінің арасында бөлу жөніндегі міндеттемелердің туындауы байланысты деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Комиссияның түсінік беру туралы өтінішпен жүгінуі үшін негіздеме қызметін атқарған нақты мән-жайларды, сондай-ақ Хаттаманың 1-тармағын сөзбе-сөз түсіндіруді негізге ала отырып, Соттың Үлкен алқасы осы консультативтік қорытындының шеңберінде Одақ құқығының кедендік құқық қатынастарын регламенттейтін нормаларының ережелерін жан-жақты талдау қажет деп есептейді.

7. Одақ туралы шарттың 25-бабының 2-тармағына сәйкес кедендік әкелу бажы деп тауарларды Одақтың кедендік аумағына әкелуге байланысты мүше мемлекеттердің кеден органдары алатын міндетті төлем түсініледі.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Одақтың Кеден кодексі) 2-бабы 1-тармағының 3-тармақшасында Одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу деп Одақтың кедендік шекарасын кесіп өтуге байланысты әрекеттерді жасау және кеден органдары осындай тауарларды шығарғанға дейін, тауарлар Одақтың кедендік аумағына кез келген тәсілмен әрекеттер жасау деп айқындалған. Одақтың Кеден кодексінің 5-бабының 1-тармағына сәйкес оның кедендік аумағын мүше мемлекеттердің аумағы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумақтары шегінен тысқары орналасқан жасанды аралдар, құрылыс жайлар, қондырғылар және оларға қатысты мүше мемлекеттердің айрықша юрисдикциясы бар өзге де объектілер құрайды.

Одақтың Кеден кодексінің 53-бабының 1 және 2-тармақтарымен кедендік баждарды, салықтарды есептеу үшін кедендік декларацияны кеден органы тіркеген күні қолданыста болатын Одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ставкалары қолданылады деп белгіленген.

Санамаланған құқықтық нормаларды өзара байланыстырып түсіндіру Одақ құқығының мәніндегі кедендік әкелу бажының Одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ставкалары бойынша және тауарлар Одақтың кедендік шекарасын кесіп өткен және оның мүше мемлекеттерінің аумағына келген жағдайда ғана төленетінін куәландырады.

Кедендік әкелу баждарын бөлу мен тауарларды Одақтың кедендік аумағына ғана әкелудің ажырамас байланысы туралы позицияны Шарттың «Кеден одағының жұмыс істеуі» деген VI бөліміндегі «Кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу және бөлу» деген 26-баптың орнын ұғыну растайды.

Шарттың кеден одағы олардың негізінде жұмыс істейтін қағидаттар бекітілетін 25-бабын талдау кедендік әкелу баждарын бөлуге тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуі және олардың мүше мемлекеттердің аумақтары арасында өткізілуі әсер ететінін куәландырады. Тауарлардың еркін өткізілуі соның ішінде оларды Одақтың кедендік аумағына әкелу кезінде Одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ставкалары бойынша кедендік әкелу баждарының төленуімен қамтамасыз етіледі.

Хаттаманың 3-тармағының 1-бөлігінде кедендік әкелу баждары сомаларының кедендік қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес, оның ішінде кедендік әкелу баждарын өндіріп алу кезінде төлеуге жататын, сол мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына ұлттық валютада есепке жатқызуға жататыны көзделеді. Осы құқықтық норманы сөзбе-сөз талдау Одақ құқығына сәйкес төленген және өндіріп алынған кедендік әкелу баждарының ғана бөлуге жататынын куәландырады.

8. Одақ туралы шарттың 25-бабының 2-тармағын, Хаттаманың 1 және 3-тармақтарын, Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабын, осы Шартқа №3 қосымшаның 2-тармағын, Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабын және 8-бабының 2-тармағын, Одақтың Кеден кодексінің 2-бабы 1-тармағының 3-тармақшасын, 5-бабының 1-тармағын, 53-бабының 1 және 2-тармақтарын жүйелі түсіндіру Соттың Үлкен алқасына Хаттамада белгіленген кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және Одаққа мүше мемлекеттердің арасында бөлу мынадай шарттар бір мезгілде сақталған жағдайда қолданылады деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді:

кедендік әкелу баждары Одақтың (кеден одағының) кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) тауарлар үшін есептелген;

тиісті кедендік баждардың сомалары Одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ставкалары бойынша төлеуге жатады, оларды төлеу жөніндегі міндеттілік Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты: Еуразиялық экономикалық одақты құрған елдер үшін 2010 жылғы 1 қыркүйектен; Одаққа қосылған мемлекеттер үшін, Армения Республикасы үшін 2015 жылғы 1 ақпаннан, Қырғыз Республикасы үшін 2015 жылғы 1 қазаннан бастап туындады.

9. Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасының қосылу туралы шарттары осы мемлекеттердің Одаққа қосылу шарттарын айқындайтын актілер болып табылады.

Қосылу туралы шарттарда және оларға қосымшаларда Одақтың құрылтайшы мемлекеттері үшін 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданылған 2010 жылғы 20 мамырдағы Келісімге сілтеме жоқ, ол көрсетілген Келісімді қолдану басталғаннан кейін және олар Хаттаманы қолдануды бастағанға дейін төленген кедендік әкелу баждарын бөлу жөніндегі міндеттердің Одаққа қосылған мемлекеттерге қолданылуын жоққа шығарады.

10. Соттың Үлкен алқасы Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасын жүзеге асырмай, оны іс жүзіндегі мән-жай ретінде қарастыра отырып, қарастырылып отырған уақыт кезеңдерінде (Армения Республикасы үшін – 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2015 жылғы 2 қаңтарға дейінгі кезеңде; Қырғыз Республикасы үшін – 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2015 жылғы 12 тамызға дейінгі кезеңде) кедендік құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің, тиісінше Армения Республикасының Кеден кодексінің және Қырғыз Республикасының Кеден кодексінің қолданылуы фактісін белгілейді, олардың қағидалары бойынша тауарлар осы мемлекеттердің кедендік аумақтарына өткізілді, оларды кедендік ресімдеу, кедендік әкелу баждарын ұлттық кедендік тарифтердің ставкалары бойынша есептеу және оларды ұлттық бюджеттерге төлеу жүргізілді.

Армения Республикасының 2015 жылғы 2 қаңтардан бастап күшін жойған 2000 жылғы 9 тамыздағы Кеден кодексінің 5-бабында шекаралық сызықтары Армения Республикасының кедендік шекарасы болып есептелетін Армения Республикасының кедендік аумағының құрлықтық, су және әуе аумағын қамтитыны айқындалады.

Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт күшіне енген күнге дейін қолданылған 2004 жылғы 12 шілдедегі Қырғыз Республикасы Кеден кодексінің 2-бабында Қырғыз Республикасының аумағы Қырғыз Республикасы оның шегінде кеден ісіне қатысты айрықша юрисдикцияны иеленетін құрлықтық аумақ пен оның үстіндегі әуе кеңістігін қоса алғанда, бірыңғай кедендік аумақты құрайтыны белгіленді. Кедендік аумақтың шектері оның кедендік шекарасы болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандарды, сондай-ақ Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасының қосылу туралы шарттарының ережелерін ескергенде, көрсетілген мемлекеттердің кедендік аумақтары Одаққа қосылу туралы тиісті шарттар күшіне енген сәттен бастап Одақтың кедендік аумағының құрамына кірді.

11. Мүше мемлекеттердің және Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін бір үлгіде қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі Сот қызметінің негізгі мақсатын негізге ала отырып, Соттың Үлкен алқасы мынадай қорытындыға келді:

Еуразиялық экономикалық комиссияның Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттама (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты оларды төлеу жөніндегі міндеттілік 2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, ал Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылған мемлекеттер үшін: Армения Республикасы үшін – 2015 жылғы 1 ақпаннан бастап, Қырғыз Республикасы үшін – 2015 жылғы 1 қазаннан бастап туындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында бөлу тәртібін айқындайды.

IV. Қорытынды ережелер

Осы консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А.Федорцов

К.Л. Чайка